

**Н. А. Раупова**

# КӨРКЕМ ЕҢДЕК

Жалпы білім беретін мектептің 1-сыныбына арналған оқулық



**1**

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының  
сарапшыларымен келісілді



Алматы «Атамұра» 2016

ӘОЖ 373.167.1 (075.2)  
КБЖ 85.1 я 71  
Р 22

### ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР



ойлан жөне жауап бер



өзің жаса



байқап үйрен



абай бол



мәліметті компьютерден тап



жұмыс дәптерінде орында



тәжірибе жасап көр

**Күрделі мәтінді мұғалім оқиды.**

**Raupova N. A.**

**P22** **Көркем еңбек:** Жалпы білім беретін мектептің 1-сыныбына арналған оқулық/ Н. А. Раупова. – Алматы: Атамұра, 2016. – 128 бет.

ISBN 978-601-306-599-1

ӘОЖ 373.167.1(075.2)  
КБЖ 85.1 я 71

ISBN 978-601-306-599-1

© Raupova N. A., 2016  
© «Атамұра», 2016

## АЛФЫ СӨЗ

Қымбатты оқушы! Сен «Көркем еңбек» оқулығын қолыңа алдың. Көркем еңбек сабағында сурет салуды, мүсіндеуді, құрастыруды, аппликация және бетбелгі жасауды үйренесің. Табиғи және жасанды материалдардан түрлі құрамақтар жасайсың. Бейнелеу өнерінің не екенін біліп, көптеген суретшілердің туындыларымен танысасың. Егер сен зейінді әрі талапты болсан, көп нәрсе үйренесің. Ал жылдың соңында сенің ең жақсы суреттерің мен бүйымдарың мектеп көрмесіне қойылады.





## КӨРКЕМ ЕҢБЕК САБАҒЫНА ҚАЖЕТТИ МАТЕРИАЛДАР МЕН ҚҰРАЛДАР

Сен көркем еңбек сабағында көп сурет саласың.  
Қолдан әртүрлі бұйым жасап, мүсіндейсің.

Сурет салу үшін саған жай және түсті қарындаштар, фломастерлер, қағаз керек.



Егер сен түрлі түсті суреттерді жақсы көрсөн, онда саған қылқалам, гуашь және акварель бояулары қажет.



Палитрада бояуларды араластырасың.

Мұсіндеу үшін түрлі түсті ермексаз, полимерлі сазбалышық, кескіш, қатырма қағаз дайындаудың керек.



Аппликация жасап, сәндеу және құрастыру жұмыстарымен айналысу үшін саған көп нәрсе керек. Олар: түрлі түсті қағаз, мата қыындылары, табиғи материалдар, қайшы және желім.



## КІШКЕНТАЙ ШЕБЕРЛЕРДІҢ ҮЛКЕН ҚҰПИЯЛАРЫ

Шебер өз материалдары мен құралдарына ұқыпты болуы керек. Олар жұмысқа дайын тұруы үшін тәмендегілерді есінде сақта.

### 1- құпия

Сурет салғанда қарындашты осылай ұстау керек.

Қарындаштар әрқашан үшкір етіп ұшталуы тиіс. Оны жерге түсіріп алсан, жиі сынатын болады.



### 2- құпия

Қылқаламды қағаз бетінде үйкелеме. Олай істесен сурет салатын қағазың да, қылқаламың да бүлінеді.

Жұмыс соңында қылқаламды судың ішінде қалдырма. Оны жылы сүмен сабындал жуып, кептір.

### 3- құпия

Бояуың әрқашан таза тұрсын. Оларды тек палитрада араластыр.



Гуашь бояулары мен фломастердің қақпағын дұрыс жап. Keyіп кетсе, сен олармен жұмыс істей алмайсың.

**4-  
күпия**

Сурет салатын қағазынды бүктеме. Олар тегіс әрі таза болуы керек.

**5-  
күпия**

Ұшкір әрі өткір заттарды арнайы қорапқа сал. Қайшыны ашық күйінде қалдырма. Ұшын жоғары қаратып ұстама.



Желіммен жұмыс істеген кезде көзіңе тигізбе.

**6-  
күпия**

Жұмыс орның ыңғайлы әрі таза болсын.

**7-  
күпия**

Айналаңа зейін қойып қара. Кез келген материал саған қажет болатынын ұмытпа.



## ӨЗІМ ТУРАЛЫ

### Сен бұл бөлімнен:

- суретшінің кім екенін;
- адамдардың үқастықтары мен ерекшеліктерін;
- суретшінің әсерлегіш құралдарының қандай екенін;
- портрет;
- автопортрет деген не екенін

### білесің



- портрет салуды;



- мұсіндеуді;
- өз жұмысынды талдап, таныстыруды;

- жаңа термин сөзді қазақ, орыс және ағылшын тілінде дұрыс айтуды

СУРЕТШІ  
ХУДОЖНИК  
PAINTER

## үйренесің



- әйгілі суретшілер салған портреттерді;
- құрдастарың салған портреттерді



## көресің



## СЕНИҢ АЙНАЛАНДАҒЫ ӘСЕМДІК

Сенің айналанда әдемі заттар көп. Олар:



КИТАПТАР



ОЙЫНШЫҚТАР



ЖИҢАЗ



ҮДЫС-АЯҚ



КИІМ

Барлық затта суретшінің еңбегі бар.



СУРЕТШІ  
ХУДОЖНИК  
PAINTER

Г. Ысмайилова. Автопортрет

**Суретші** – біздің айналамызды көркемдеуші адам. Ол өнер туындыларын жасайды.

Сен де тамаша суреттер салып, бүйымдар жасайсың. Демек, сен де суретшісің.




1. Суретшінің еңбегін тағы қай жерден көруге болады?
2. Таныстарыңың ішінен кімді суретші деп атай аласың? Неліктен?
3. Сен айналаң әдемі болу үшін не істей аласың?




## СУРЕТШІНІҢ ӘСЕРЛЕГІШ ҚҰРАЛДАРЫ


Суретші сурет салу үшін әсерлегіш құралдарды қолданады. Олар:




TYC



СЫЗЫҚ




ПІШІН



ӨЛШЕМ



ПІШІМ



1. Мына картинаға қара. Суретші қандай үш әсерлегіш құралды пайдаланған?
2. Сен қандай әсерлегіш құралдарды қолдана аласың?
3. Суретшілер қандай әсерлегіш құралдарды пайдаланады?



№1 жұмыс дәптеріндегі (3–5-беттер) тапсырмаларды орында.



## АДАМНЫң БЕТ ӘЛПЕТИ

### СЕН ӨЗГЕ АДАМДАРМЕН БІРДЕЙСІН

Сен адамсың. Айналаңда адамдар көп. Олар: отбасың, достарың және бейтаныс адамдар.


Адамдардың ұлты мен жасы әртүрлі болады. Ұзын және қысқа, арық немесе толық адамдар бар. Олардың киімдері де өзгеше. Алайда бет әлпеттерінде ұқастық көп.



1. Мына фотосуреттерге қара. Бұл адамдардың жасы нешеде?
2. Олардың бет әлпеттері туралы не айтасың?
3. Олар бір-біріне несімен ұқсайды? Ұқастықтарын ата.

## СЕН ЕРЕКШЕСІН, ӨЗГЕЛЕРГЕ ҮҚСАМАЙСЫН

Адамдар бір-біріне үқсайды немесе ерекшеленеді. Мысалы, көздері, бет пішіндері, шашының түстері әртүрлі болады.



Т. Тілеужанов.  
Ұлымның портреті



- Мына балалар неліктен бір-біріне үқсамайды?
- Сенің олардан ерекшелігің неде?
- Отбасылық альбомдағы фотосуреттерді қарап шық. Адамдардың көз, ерін, мұрын, бет пішініне назар аудар.



№1 жұмыс дәптеріндегі (6–7-беттер) тапсырмаларды орында.



## НҮКТЕ, СЫЗЫҚ ЖӘНЕ ПІШІН

Сен адамдардың бет пішіні әртүрлі екенін білесің.




Пішін қалай жасалатынын ойлан.

Қарындаштың ұшын қағазға тигіз. Одан қалған із нүкте деп аталады. Қарындашты одан әрі жүргіз. Нүкте жылжып, артынан із қалдырады. Ол сзық деп аталады. Сызық түйікталып, пішін пайда болады.



**Пішін** – заттың сыртқы кескіні.




Пішіндер әртүрлі болады. Олар:



ҮШБҰРЫШ



ДӘҢГЕЛЕК




СОПАҚША



ТӨРТБҰРЫШ




## АДАМДАРДЫҢ БЕТ ӘЛПЕТИ



Мына қыздың беті дөңгелек пішінді.

Ал ұл баланың бет пішіні үшбұрышқа жақын.

## МЫНА СУРЕТТЕРДІ СЕНИҢ ҚҰРДАСТАРЫҢ САЛҒАН



1. Фотосуреттер мен суреттерге тағы да назар аудар.
2. Балалардың бет пішінін, сондай-ақ көзін, мұрны мен аузын суретте.

## ТҮС ЖӘНЕ АДАМ

Сен адамдардың тері, шаш, көз, ернінің түсі әртүрлі екенін байқаған шығарсың?!



Қазақтардың ішінен қараторы және аққұба адамдарды кездестіруге болады. Кейбірі қара, сары немесе жирен шашты. Көздері қара және қоңыр.

Басқа ұлттың адамдары бір-бірінен қатты ерекшеленеді. Мына фотосуреттерге қара. Қыздардың бет әлпетін сипатта.



№1 жұмыс дәптеріндегі (8–9-беттер) тапсырманы орында.



## ПОРТРЕТ

**Портрет** – адамдар бейнеленген туынды.

**A**



*А. Матисс.  
Портрет*

Портреттер жай (А) және түрлі түсті қарындаштар, фломастер, бояулармен салынады.

Портреттер кенеп немесе қағазға бейнеленеді. Металдан құйылып не тастан қашап жасалады (Ә). Сонда оны жанжағынан қарауға болады.

Суретші адамның бет әлпетін айнатпай сала алады. Тіпті ол адам туралы өз ойын білдіреді (Б).



*А. Баярлин. Ш. Уәлиханов  
20*

**Ә**



*П. Пикассо. Портрет*

**Б**



## СУРЕТШІ МЕН ОНЫң АВТОПОРТРЕТИ

**Автопортрет** – суретші өзін бейнелеген туынды.



Суретші өзін қалай бейнелеген?

*M. Сарьян. Автопортрет*



Өзінді айнадан мұқият қара. Бет әлпетіңің пішінін анықта. Тері, шаш, көзіңің түсі қандай? Қандай материалдармен жұмыс істейтініңді ойлан. Автопортретінді сал.



Сен өзінді қара фломастермен, түсті фломастерлермен немесе қарындаштармен сала аласың.



## БЕДЕРЛІ СУРЕТ

Полимерлі сазбалшықтан бедерлі сурет (бейне) жасап көр.

**Бедерлі сурет** – бейненің жазықтықта шығыңқы орналасуы.

Портреттегі ең маңызды нәрсе – бет әлпеті. Беттің түсі шынайы көріну үшін сазбалшықтың қызыл, ақ, сары түсін араластыру керек. Ақ түсті көбірек алып, қалғандарын кішкене ғана қосса жетеді. Осы түстерді араластыр. Өзіне қажет тері түсін шығар.



Сонымен қатар шашы мен көзінің түсін таңда. Алуан түстерді араластырудан қорықпа. Портретіңе үнемдеп, сазбалшықтың азғана бөлігін ал.

Портретті түсті қатырма қағаздың бетіне жасайсың. Алдымен сазбалшықтан бет пішінін мұсінде. Оны қағазға жапсыр. Одан соң көз, қас, ауыз, мұрын, құлақ, шашын жаса. Оларды да жапсыр. Киімінің түсін таңда.



### СЕҢІҢ ҚҰРДАСТАРЫҢ МЫНА ПОРТРЕТТЕРДІ САЗБАЛШЫҚТАН ЖАСАФАН





## ТАНЫСТЫРУ, ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Ежелгі адам өзін мәңгі есте қалдырғысы келген. Алайда ол әлі портрет салуды білмеді. Сондықтан тастың бетіне қолының ізін қалдырган.



Жақындарың бала кезінде қандай болғаныңды көру үшін не істей аласың?

Өзінің бет әлпетінді қалай бейнелейтінінді айтып бер.

1. Жасаған жұмысынды таныстыр.

2. Жұмысың арқылы өзің туралы не айтқың келді?

3. Өзінің бет әлпетің және портретің жайлы айтып бер.

4. Достарыңың салған портреттері саған ұнады ма?

5. Бұл жұмыс өзің туралы ойлануға және достарыңды жақынырақ түсінуге көмектесті ме?



## БІЛІМ МЕН БІЛІК ҚОРЖЫНЫ

1. Адамның бет әлпеті туралы не білдің?
2. Адамдар бір-біріне ұқсай ма, әлде ұқсамай ма?
3. Адамдар несімен ерекшеленеді?



Д. Қасымов.  
Айсұлу

?!  
??

1. Қандай пішіндерді білесің?
2. Пішін мен түстің адам бет әлпетімен байланысы қандай?
3. Портрет дегеніміз не?  
Автопортрет дегеніміз не?
4. Бедерлі суретті қалай жасағаныңды айтып бер.
5. Бұл тақырыптан не үйрен-дің?

**СУРЕТШІ  
ТҮС СЫЗЫҚ ПІШІН  
ПОРТРЕТ  
АВТОПОРТРЕТ  
БЕДЕРЛІ СУРЕТ**



## МЕНИҢ МЕКТЕБІМ

**Сен бұл бөлімнен:**

- сзықтар қандай болатынын;
- әріптер мен сандар қандай сзықтардан тұратынын;
- заттардың қандай пішіндерге ұқсайтынын;
- апликация дегеніміз не екенін

**білесің**




**5  
я**



- сандар мен әріптерді көркем жазуды;
- бетбелгі жасауды;
- табиғи материалдарды жинауды;
- аппликация жасауды;
- жұмысындау таныстыруды;

АБ 5



- жаңа термин сөзді қазақ, орыс және ағылшын тілінде дұрыс айтуды

СЫЗЫҚ  
ЛИНИЯ  
LINE

## Үйренесің



- суретшілер қандай аппликациялар жасайтынын;
- құрдастарың қандай аппликациялар жасайтынын



## Көресің



## СЫЗЫҚТАР, ӘРІПТЕР ЖӘНЕ САНДАР

Сен мектепте көп нәрсө үйренесің. Әр алуан пәндерді меңгересің. Соңда сурет сала білу көмегін тигізеді. Сызықтар арқылы әдемі әріптер мен сандарды жазып үйренесің.

Сызықтар әртүрлі болады:



ТІК



КӨЛДЕНЕҢ



КӨЛБЕУ



ДӨҢГЕЛЕКТЕНГЕН



1. 29-беттегі әріптер мен сандарды салыстыр.
2. Олардың қайсысы тік сызықты?
3. Қайсыбірі тік әрі көлбеу? Қайсысы дөңгелектенген?
4. Қайсысы дөңгелектенген және тік?
5. Ал қайсыбірі дөңгелектенген, тік және көлбеу?

Әріптер мен сандар да сызықтардан тұрады.



1



СЫЗЫҚ  
ЛИНИЯ  
LINE



Түрлі түсті фломастерлермен  
қазақ, орыс және ағылшын әліпбииңдегі  
бірнеше әріпті жаз.




№1 жұмыс дәптеріндегі (10–13-беттер) тапсыр-  
маларды орында.



## АЛУАН ТҮРЛІ ПІШІНДЕР




Пішіндердің атауын  
есіне түсір. Пішін қалай  
жасалады?



1. Мына суреттерге қара. Заттардың пішіні қандай?
2. Тағы қандай дөңгелек пішінді заттарды білесің?
3. Үшбұрышты заттарды ата.
4. Тік төртбұрышты қандай заттарды атай аласың?

Айналаңа зейін қойып қара. Сонда заттардың  
қарапайым пішіндерден тұратынын байқайсың.  
Мына бейнелер қандай пішіндерден тұрады?



Кез келген төрт пішіннен жануардың бейнесін  
құрастыр. Қандай жануарды жасадың?



№1 жұмыс дәптеріндегі (14–16-беттер) тапсыр-  
маларды орында.




## КІТАПҚА БЕТБЕЛГІ ЖАСАЙМЫЗ

Өз қолыңмен бүйым жасау пайдалы әрі қызықты.


Кітаптарыңа бетбелгі жасап үйрен. Түрлі түсті жұқа қатырма қағаз, жай қағаз, таспа, қайшы және желім дайындаңыз ал.

**1-нұсқа.** Түсті қағаздың енін 4 см, ұзындығын 25 см етіп қиып ал. Үлкендерден пышақпен ұзындығы 2 см (арасы 1 см) болатын көлденең тіліктер жасап беруді сұра.

Таспаны қағаздың теріс жағынан желімде. Таспаның ұшын бірінші тіліктен өткіз. Одан кейін екіншісінен өткіз. Таспаны қағаздың екінші жағына шығар. Үшінші тілік арқылы теріс жағына шығар. Осылайша барлық тіліктен өткізіп шық. Таспаның ұшын үшбұрыштап қи. Сонда сен мынадай тамаша бетбелгі жасайсың!



**2-нұсқа.** Кітаптың бұрышына бетбелгі жасауға болады. Ені 4 см, ұзындығы 18 см қағаз қып ал. Ортасын белгілеп, тік сзызық жүргіз. Одан соң қағазды ішке қарай қиғаштап бүкте.



Оған жүрек немесе гүл пішінің желімде. Олар бетбелгінің екі жағын ұстап тұрады. Міне, бетбелгі дайын!

Бетбелгіні кітап паралына қалай кигізу керегіне қара. Өзің де бетбелгі түрлерін ойлап тап. Сонда кітаптарың әрдайым әдемі көрінеді.





## ТАБИГИ МАТЕРИАЛДАРДЫ ЖИНАЙМЫЗ

Табиғаттың адамға берері көп. Саябақ немесе орманда серуендең жүріп, бұр, бұтак, жапырақтарды жинауға болады. Олардан тамаша бұйымдар жасайсың. Қарбыз, қауын, асқабақ тұқымы, жидек, емен жаңғағы, шөп – мұның бәрі табиғи материалдар.



Қиялыңа ерік берсең, кәдімгі малтатаста көркем материалға айналады. Малтатастардан бақта әдемі жолдар салады.



Ағаш қабығына қара.  
Қолыңмен ұстап көр. Қат-  
парларын байқадың ба?

Материалдардың барлығы  
белгілі бір **фактураға** ие.

Олар жұмсақ, қатпарлы,  
кедір-бұдырылы болады.  
Табиғи материалдарды  
қолыңмен ұстап көр. Олардың  
фактурасын анықта.

Жинаған табиғи материалдарды дұрыс сақтай  
білу керек. Гүлдер мен жапырақтарды кәмпіт  
қорабына салуға болады. Емен жаңғағы мен  
бүрлерді себетке салып қой. Ұсақ тастарды пласт-  
масса ыдыстарға салған дұрыс.

Мұның бәрі саған керек болады.



Қандай ағаш жапырақтарын көріп тұрсың?  
Оларды ата.





## АППЛИКАЦИЯ

**Аппликация** – пішіндерді түрлі материалдардан қыып алып, қағаз бетіне желімдеу. Аппликацияны түсті қағаздан, матадан, ескі журналдар мен табиғи материалдардан жасауға болады.

Қарашы, қарапайым пішіндерді тамаша заттарға айналдыруға болады екен.



### ҰСЫНЫС

Аппликациянда мектебіңің сыртқы көрінісін немесе арманындағы мектепті бейнелей аласың. Қай жыл мезгілін бейнелейтініңді ойлан.

Сыныбынды, асхана не спортзалды бейнеле.

## «МЕНИҢ МЕКТЕБІМ» АППЛИКАЦИЯСЫН ЖАСАЙМЫЗ



Алдымен мектептің **сұлбасын** сал. Одан соң түсті қағаздан барлық бөлшегін сұлбаға сәйкес қып ал. Оларды қағаз парағының бетіне орналастыр. Мұқият қара. Егер бәрі көнілінен шықса, бөлшектерді қағаз парағына желімдеуді баста. Табиғи материалдарды пайдалана аласың.



№1 жұмыс дәптеріндегі (17-бет) тапсырманы орында.



## МЫНА АППЛИКАЦИЯЛАРДЫ СУРЕТШІЛЕР ЖАСАҒАН



Табиги  
материалдардан  
жасалған аппликация



Матадан жасалған  
аппликация



Түрлі түсті қағаз берін қатырма қағаздан жасалған  
аппликация



**МЫНА  
АППЛИКАЦИЯЛАРДЫ  
СЕНИҢ ҚҰРДАСТАРЫҢ  
ЖАСАҒАН**





## ТАНЫСТЫРУ, ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Аппликация дайын. Енді қалай өшекейлеуді ойлан. Оны түрлі түсті қатырма қағаз парағына жөлімде. Жұмысың әдемі көрінетіндей түсті таңдалап ал. Жасаған жұмысыңды таныстыры.



A



Қай аппликация жақсы әшекейленген деп ойлайсың? Жауабыңды түсіндір.



Ә

1. Аппликация туралы айтып бер.
2. Оны қалай жасадың? Қандай материалдарды пайдаландың?
3. Қандай әсерлегіш құралдарды қолдандың?
4. Егер сен сәулетші болсан, қандай мектеп тұрғызар едің?

## БІЛІМ МЕН БІЛІК ҚОРЖЫНЫ

1. Қандай сзықтар бар?
2. Әріптер мен сандарды да сурет деп айтуға бола ма?
3. Сурет салу әдемі жаза білуге көмектесе ме?
4. Фактура дегеніміз не? Ол қандай болады?

?!  
|||



1. Пішін қалай жасалады?
2. Мектептен көріп жүрген пішіндері әртүрлі заттарды ата.
3. Аппликация дегеніміз не? Оны қандай материалдардан жасайды?
4. Аппликация жасау барысында қандай қауіпсіздік ережелерін сақтау керек?
5. Бұл тақырыптан не үйрендің?

ДӨҢГЕЛЕК  
ҮШБҰРЫШ  
ТӨРТБҰРЫШ  
АППЛИКАЦИЯ




## МЕНИҢ ОТБАСЫМ ЖӘНЕ ДОСТАРЫМ

### Сен бұл бөлімнен:

- адам үшін отбасы мен достарының маңызын;
- композиция дегеніміз не екенін;



- өлшем дегеніміз не екенін;



- топтық және отбасылық портреттің не екенін



### білесің

- қағаз парағының өлшемін ажыратуды;
- өлшемі әртүрлі композициялар жасауды;
- жаңа термин сөзді қазақ, орыс және ағылшын тілінде дұрыс айтуды



КОМПОЗИЦИЯ  
КОМПОЗИЦИЯ  
COMPOSITION

## Үйренесің



- суретшілер отбасы мүшелерін қалай бейнелейтінін;
- Құрдастарың өз отбасыларының портретін қалай бейнелейтінін



## Көресің



## ОТБАСЫҢ МЕН ДОСТАРЫҢ

Әрбір адамның отбасы бар. Отбасы үлкен не кіші болады. Отбасы – адамның тірегі.



Отбасы туралы мақал-мәтелдерді оқы.  
Оларды қалай түсінесің?


**Отан отбасынан басталады.  
Отан оттан да ыстық.  
Отансыз адам – ормансыз бұлбұл.**



1. Отбасында неше адам бар?
2. Ата-әжең бар ма? Олармен араласып тұрасың ба?
3. Аға-әпке, іні-қарындастарың бар ма? Олармен татусың ба?
4. Шұғылданатын ортақ істерің бар ма?
5. Сенің отбасың несімен ерекшеленеді?



Отбасындағы ең  
қызықты оқиғалар мен  
мерекелерді есіне түсір.  
Әңгімелеп бер.



Адамның отбасынан  
бөлек достары да бар.  
Нағыз дос әрдайым жаңыңдан табылады. Ол  
қуанышың мен қайғынды бөліседі. «Жұз теңген  
болғанша, жұз досың болсын» деп тегін айттылмаған.  
Бұл мақалды қалай түсінесің? Жақын достарың бар  
ма?



Интернет немесе кітаптардан отбасы  
және дос туралы тақпақтарды тауып  
ал. Өзіне ұнаған тақпақты жатта. Келесі  
сабакта айтып бер.



## СУРЕТШІЛЕР ТҮҮНДҮЛАРЫНДА ОТБАСЫНЫң БЕЙНЕЛЕНУИ

Суретшілер бір емес, біrnеше адамды бейнелейді. Екі немесе біrnеше адам бейнеленген портрет **топтық портрет** деп аталады. Отбасы мүшелері бейнеленген портрет **отбасылық портрет** деп аталауды.



Ө. Мамақова.  
Домбыра



П. Пикассо. Арлекиннің отбасы



1. Екі отбасылық портретті салыстыр. Олар бір-біріне несімен ұқсайды?
2. Айырмашылықтары қандай?



Интернеттен әйгілі суретшілер салған отбасылық портреттерді тап. Үйінде өзіңе ұнаған портрет туралы әңгімелеп. Оны салған суретшіні ата.



## КОМПОЗИЦИЯ

**Композиция** – бейнені қағаз парағына дұрыс орналастыру.

Сен суретті қағаз парағына қалай орналастыруды ойласаң, демек композициямен жұмыс істеудесің.

Суреттің өзін де композиция деп атайды. Сурет қағаз парағында орналасады. Қағаз суреттің «үйі» десек те болады.

### БЕЙНЕНИҢ ӨЛШЕММЕН ҚАТЫНАСЫ





Қағаз парағының белгілі бір **өлшемі** бар. Суретіңе дұрыс қағаз өлшемін табудың маңызы зор. Суреттің әсерлілігі осыған байланысты. Суретіңің өлшемі қандай болатынын алдын ала ойлан.

КОМПОЗИЦИЯ  
КОМПОЗИЦИЯ  
COMPOSITION



1. 48–49-беттердегі композицияларға назар аудар.
2. «Қағаз парағы суреттің «үйі» тәрізді» деген ойды қалай түсінесің?




Өлшемі әртүрлі (үлкен, орташа және кіші) үш қағаз парағын дайында. Олардың әрқайсыына алмалардың суретін әдемі көрінетіндей етіп бейнеле. Суреттердегі алманың өлшемі қандай?



№1 жұмыс дәптеріндегі (18–19-беттер) тапсырмаларды орында.



## «МЕНИҢ ОТБАСЫМ» КОМПОЗИЦИЯСЫН ЖАСАЙМЫЗ



Үйде отбасылық суреттерден тұратын альбомды мұқият қарап шық.

Онда отбасы мүшелері немен шұғылданып жатыр?  
Бет әлпеттері, көңіл күйлері қандай?  
Отбасы мүшелерінен кімді бейнелейтінінді ойлан.  
Керек өлшемді қағаз парағы мен материалдарды дайында.



№1 жұмыс дәптеріндегі (20–21-беттер) тапсырмаларды орында.

## ОТБАСЫЛЫҚ ПОРТРЕТКЕ ЖАҚТАУ ЖАСАЙМЫЗ

Сен өзің жасаған композицияға немесе жақсы көретін фотосуретіңе жақтау жасай аласың. Ол үшін саған қатырма қағаз, қайшы, пышақ және желім кепек.

Қатырма қағаз парағына фотосуретінді (композицияны) қой. Оны қарындашпен айналдырып сыйз. Барлық жағынан төрт сантиметрден қосып, сзызық жүргіз. Өлшемі кіші төртбұрыш шығады. Артығын қылпаста.



Ата-анаңнан өткір пышақпен төртбұрышты кесіп беруді сұра.



A






Θ



Б

Жақтауды жібек таспамен әшекейлеуге болады (A). Түрлі түсті жіңішке ширатпаларды полимерлі сазбалшықтан жасап, жақтауға желімдей аласың (Θ). Ұсақ тастарды жапсыруға болады (Б). Артына қағаз қыстырығыштан ілмек жаса. Жақтау дайын!

## МЫНА ЖҰМЫСТАРДЫ СЕНИҚ ҚҰРДАСТАРЫҢ ЖАСАҒАН



1. Суреттерде не туралы айтылады?
2. Бұл суреттердің бірі сенің отбасына ұқсай ма?
3. Өз отбасында қалай салар едің?
4. Суретің арқылы не айтқын келеді?


## БІЛІМ МЕН БІЛІК ҚОРЖЫНЫ

1. Портрет дегеніміз не?
2. Қандай портрет топтық портрет деп аталады?
3. Отбасылық портретте кімді бейнелейді?

?!  
?

1. Композиция дегеніміз не?
2. Қағаз парагының өлшемі қандай болады?
3. Қандай жағдайда қағаз парагындағы сурет өте кіші болып көрінеді?
4. Ал қандай жағдайда суретке қағаз беті тар болады?
5. Портретке жақтауды қалай жасағаныңды айтып бер.
6. Бұл тақырыптан не үйрендің?

ТОПТЫҚ ПОРТРЕТ  
ОТБАСЫЛЫҚ ПОРТРЕТ  
КОМПОЗИЦИЯ  
ӨЛШЕМ






## БІЗДІ ҚОРШАҒАН ӘЛЕМ

**Сен бұл бөлімнен:**

- түс дегеніміз не;
- қандай түстер негізгі және құрама деп аталатынын;
- қандай түстер жылы және сұық деп аталатынын;
- пейзаж дегеніміз не екенін;
- пейзажды ермексаздан қалай жасау керегін

**білесің**



- кемпірқосақтың түстерін атауды;

- негізгі және құрама, жылы және сұық түстерді ажыратуды;

- негізгі түстерден жаңа түстерді шығаруды;

- пейзажды әртүрлі жолмен орындауды;

- жаңа термин сөзді қазақ, орыс және ағылшын тілінде дұрыс айтуды

## Үйренесің



- суретшілер салған пейзаждарды;
- Құрдастарың салған пейзаждарды

## Көресің



ТҮС  
ЦВЕТ  
COLOUR





## СЕНИҢ АЙНАЛАНДАҒЫ ТҮСТЕР



Сені түрлі түсті әлем қоршап тұр. Әрбір заттың өзіне тән түсі бар.



1. Фотосуреттерге қара. Көріп түрған түстерінді ата.
2. Осындай түстерден тұратын басқа заттарды есіңе түсір.

Жаңбырдан соң аспанда кемпірқосақ пайда болады.



Кемпірқосақтағы түстердің ретін есте сақтау қыын емес:

**ҚЫЗҒАЛДАҚ ҚЫРДА, САРҒАЛДАҚ ЖАЙЛАУДА,  
КӨКТЕ КҮМІС КҮН.**

Назар аудар! Әрбір сөз кемпірқосақ түстерін білдіретін әріптен басталады.



1. Кемпірқосақтағы түстерді ата.
2. Тағы қандай түстерді білесің?

ТҮС  
ЦВЕТ  
COLOUR



№1 жұмыс дәптеріндегі (22-бет) тапсырманы орында.



## НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ҚҰРАМА ТҮСТЕР

Суретшінің үш **негізгі** бояуы бар:




**ҚЫЗЫЛ**



**САРЫ**



**КӨК**




Бояуларды бір-бірімен палитрада араластырады. **Палитра** – бояуларды араластыруға арналған тақтайша. Қалың ақ қағазды да палитра ретінде пайдалануға болады.



Палитрада қызыл бояуды сарымен, сары мен көкті, көк пен қызылды араластыр.

Қандай түстер шыққанын қара.  
Оларды ата.



Қарашы, қызыл, сары және көк түстен тағы үш түс шығардың. Олар: қызғылт сары, жасыл және құлгін түс. Бұл түстер **құрама түстер** деп аталады.

Үш негізгі түсті араластырып, алуан түрлі түстер шығара аласың.

«Суретші сурет салмайды, бояулармен жа-зады» деген сөз бар.




№1 жұмыс дәптеріндегі (23–25-беттер) тапсырмаларды орында.




## ЖЫЛЫ ЖӘНЕ СУЫҚ ТҮСТЕР

Суретшілер қызыл, қызғылт сары және сары түсті **жылы түстер** деп атайды.



Жоғарыдағы суреттерге қара. Қалай ойлайсың, олар неліктен жылы түстер деп аталады?


Көк, ашық, көк және көгілдір түсті **сусық түстер** дейді.



Сусық түстердің астындағы суреттерге қара. Неліктен олай аталады деп ойлайсың?



Ә. Жұбаниязов.  
Серуен



А. Старков.  
Орталық  
Тянь-Шань.  
Хантәнірі шыңы



1. Екі суретшінің жұмысын көріп тұрсың.
2. Олардың қайсысы жылы түстердің үйлесімімен салынған? Ал қайсысы сұық түстердің үйлесімімен салынған?
3. Оларды суретте.




№1 жұмыс дәптеріндегі (26–29-беттер) тапсырмаларды таңдауың бойынша орында.




## ТҮС ЖӘНЕ ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІ


Түс жыл мезгілдері туралы сыр шерте алады.




Г. Тагенова. Қала көрінісі



Е. Тे. Саябақтағы күз



A



Ә



1. 62-беттегі картиналарды қарап шық. Қандай жыл мезгілдері бейнеленген?
2. Қыс мезгіліне қандай түстерді таңдар едін? Ал алтын күзге қандай түстерді таңдайсың?
3. А суретіндегі түстер үйлесімі қай жыл мезгіліне сәйкес келеді?
4. Ә суретіндегі түстер үйлесімі қай жыл мезгіліне сәйкес келеді?



Тұрлі тәулік мезгілі мен ауа райындағы табиғатты бақыла.

Таңғы ерте салқын мен жаздың жылы кешіне сәйкес түстер үйлесімін тап.

Тұс тәулік мезгілі мен ауа райына сәйкес қалай өзгереді?



№1 жұмыс дәптеріндегі (30–31-беттер) тапсырмаларды орында.



## ПЕЙЗАЖ

**Пейзаж** – табиғат көрінісі. Сен дала, өзен, тау немесе қала көшелерін бейнелесен, олар да пейзаж деп аталады.

Табиғат алуан түрлі.



1. Мына фотосуреттерден не көріп тұрсың?
2. Осыған ұқсас жерлерде болдың ба?
3. Бұл пейзаждар сен тұрган жерге ұксай ма?

Қазақстанның табиғаты бай. Бізде теңіздер, өзендер мен көлдер, биік таулар бар. Ұшы-қырысыз дала көктемде алуан түрлі گүлдерден кілем жа- мылады.



1. Өзің тұратын жер туралы айтып бер.
2. Ол жер саған несімен ұнайды?
3. Басқа жерлерден несімен ерекшеленеді?
4. Өзің болған жерлер туралы әңгімелे.
5. Олар несімен есінде қалды?




## СУРЕТШІЛЕР ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ ПЕЙЗАЖ


Суретшілер табиғатты бейнелегенді жақсы көреді. Олардың әрқайсысы табиғатты өзінше көреді. Картиналары арқылы көргендері мен әсерін жеткізеді.




М. Кенбаев. Құрық салу



И. Генералич.  
Пейзаж



В. Шеге.  
Таудафы түн



Ван Гог.

Жол, кипарис және  
жұлдыздармен пейзаж



1. Өзіңе ұнаған пейзажды суретте.
2. Онда суретшілер тәуліктің қай мезгілін бейнелеген?
3. Қандай түстер үйлесімін пайдаланған?



Пейзажда қандай жыл мезгілі мен  
тәулікті бейнелегің келетінін шеш.  
Ол үшін қандай түстерді таңдайсың?  
Пейзажды қалай орындайсың?



№2 жұмыс дәптеріндегі (3–5-беттер) тапсырмаларды таңдауың бойынша орында.



## ПЕЙЗАЖ САЛУ ЖОЛДАРЫ


Пейзаждар алуан түрлі болады. Сондай-ақ пейзаж салу жолдары да әртүрлі.



Пейзажды түсті қарындаштармен немесе қара фломастермен салуға болады (А, Ә).

А

Акварель немесе гуашь бояуларымен де салады (Б).



Б



Ә



В

Пейзажды аппликация тәсілімен орындауға болады (В). Пейзаж салудың басқа да көптеген жолдары бар.

## БЕДЕРЛІ ПАННО ЖАСАЙМЫЗ

Сен бедерлі сурет жасап көрдің. Енді ермексаздан сол тәсілмен пейзаж жаса.



Пейзажға түсті қатырма қағаз таңдалап ал. Қағазға жай қарындашпен табиғат көрінісін сал. Жаңа түстерді шығару үшін түрлі түсті ермексазды араластыр. Одан соң ермексазды қолыңмен есіп, бейнелер жаса. Бейне шығынқы болу үшін оны қолыңмен қатты баспа.



## ТАНЫСТЫРУ, ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ




Сыныптастарыңа жұмысынды қызықты етіп таныстыруға тырыс. Ол үшін мына сұрақтарға жауап бер:

1. Пейзажда нені бейнеледің?
2. Сен пейзажды өзің ойлап таптың ба? Өлде өзіңе таныс жерді бейнеледің бе?
3. Қандай тәсілмен орындадың?
4. Неліктен дәл осы тәсілді таңдадың?
5. Қандай түстер үйлесімін пайдаландың?
6. Пейзажда не туралы айтқың келді?

## БІЛІМ МЕН БІЛІК ҚОРЖЫНЫ

1. Қандай түстер негізгі түстер деп аталады?
2. Негізгі түстерді араластырып қандай түстерді алуға болады?
3. Қандай түстер жылы түстер деп аталады?  
Неліктен?
4. Қандай түстер сұық түстер деп аталады?  
Неліктен?

?!  


1. Суретші пейзажда нені бейнелейді?
2. Пейзаждағы тұс не туралы сыр шерте алады?
3. Бедерлі суреттің қолмен салынған суреттен айырмашылығы қандай?
4. Пейзаж салу барысында не үйрендін?

### НЕГІЗГІ ТҮСТЕР

### ЖЫЛЫ ЖӘНЕ СҰЫҚ ТҮСТЕР



### ПАЛИТРА ПЕЙЗАЖ



## САЯХАТ

**Сен бұл бөлімнен:**

- адамдар не үшін  
саяхат жасайтынын;
- көрікті орындар  
дегеніміз не екенін;
- пішім дегеніміз  
не және ол қандай  
болатынын;
- бейненің пішіммен  
байланысын;
- коллаждың не екенін



**білесің**

- пішімдерді ажыратып, оларды атауды;
- бейнені түрлі пішімдерге орналастыруды;
- табиғи материалдармен жұмыс істеуді;
- ұжымдық композиция жасауды;
- жаңа термин сөзді қазақ, орыс және ағылшын тілінде дұрыс айтуды



ПІШІМ  
ФОРМАТ  
FORMAT

## Үйренесің



- әртүрлі көрікті орындарды;
- Құрдастарыңың әлемнің әр бұрышын бейнелеген жұмыстарын



## Көресің



## САЯХАТ – БІЛІМГЕ БАСТАР ЖОЛ


Ерте заманнан бері адамдар саяхатқа аттанған. Олар дүниежүзі туралы көбірек білгісі келген. Адам саяхат арқылы басқа адамдардың өмірі, мәдениетімен танысады. Кез келген саяхат түрі адамның білімі мен танымын арттырады.



1. Мына суреттерге қара. Бұрын адамдар қалай саяхат жасағанын айтып бер.
2. Бұрынғы замандағы басқа да көлік түрлерін ата.
3. Адамдар қазір қалай саяхаттайды?
4. Саяхатқа шығу арқылы не білуге болады?

## КӨРІКТІ ОРЫНДАР

Әрбір ел мен қалада назар аударуға тұратын көрікті орындар бар.



1. Мына ғимараттар саған таныс па?
2. Олар қай қалада орналасқан?
3. Өзің тұратын жерде қандай көрікті орындар бар?




№2 жұмыс дәптеріндегі (6–9-беттер) тапсырмаларды таңдауың бойынша орында.



## КОМПОЗИЦИЯДАҒЫ ПІШІМ


Парақ өлшемі **пішім** деп аталады. Пішімдер мынадай болады:



ШАРШЫ



ТИК



КӨЛДЕНЕҢ


ПІШІМ  
ФОРМАТ  
FORMAT




- Сыныбынан шаршы, тік, көлденең пішімді заттарды тап.
- Көшеден және үйден үш түрлі пішімді затты ізде.

## БЕЙНЕНІҢ ПІШІММЕН БАЙЛАНЫСЫ

Композиция әсерлі шығуы үшін дұрыс пішім таңдаудың маңызы зор.



A



Θ



Бірі тік, екіншісі көлденең пішімді екі қағаз парағын дайында. Оған қоса түсті қағаздан екі сопақша пішін қыып ал. Оның бірін тік, екіншісін көлденең пішімге әдемі көрінетіндей етіп орналастыр.



1. Қай композицияны (A немесе Θ) сәтті шыққан деп айтуға болады? Жауабынды түсіндір.
2. Биік мұнараны немесе ұзын көшені бейнелеу үшін қандай қағаз пішімі керек?




№2 жұмыс дәптеріндегі (10–11-беттер) тапсырмаларды орында.




## ТАБИГИ МАТЕРИАЛДАРДАН БЕЙНЕ ЖАСАЙМЫЗ

Бұгін күзде жинаған жапырақтар және басқа да табиғи материалдармен жұмыс істейсің. Жай жапырақтарды тамаша күзгі баққа немесе қызықты жануарларға айналдыра аласың. Қараши, жай жапырақтың өзі ғажайып ағашқа айналған!



Саған қатты қағаз немесе қатырма қағаз, желім, қылқалам, фломастер және кепкен жапырақтар керек.



### Жұмыстың орындалу реті

1. Қағаз бетіне жапырақтарды орналастыр.
2. Жасайтын композицияңды көз алдыңа келтір.
3. Жапырақтарды ұқыптап желімде.
4. Тағы да зейін қойып қара. Ағаш бұтақтары, шөп, құс бейнесі, т.б. бөлшектермен толықтыр.



Табиғи материалдар мен сзықтардан ерекше композиция ойлап тап.



№2 жұмыс дәптеріндегі (12–13-беттер) тапсырмаларды орында.



## САЯХАТҚА АТТАНАМЫЗ!

Сен қай жерлерде болдың? Айтып бер. Тағы қандай жерлерге барғың келеді?



Композициядағы пішімдер дұрыс таңдалған ба?  
Жауабынды түсіндір.



Бейнелейтін жерінді көз алдыңа  
елестет.

Суретінде қандай жыл мезгілін бейнелегің келеді?  
Түс үйлесімі туралы ойлан.  
Керек өлшем мен пішімді қағаз парагын таңда.



## КОЛЛАЖ. ҰЖЫМДЫҚ КОМПОЗИЦИЯ ЖАСАЙМЫЗ

**Коллаж** – қағаз бетіне табиғи және жасанды материалдарды жабыстыру.

Сен өз қиялындағы өлкені бейнеледің. Енді достарыңмен «ұжымдық саяхатқа» баруыңа болады. Ортақ қағаз парагына әрқайсысы өздеріне қызықты жерді салсын.

Ұжымдық жұмыс жасау үшін фломастер, бояу, жасанды және табиғи материалдарды пайдалан.



Алдымен нені бейнелеуді шешіп алу керек. Одан кейін қағаз парагы мен өлшемі анықталады. Өлшемі үлкен болуы тиіс.

Әрбір оқушы қағаздан ойындағы бейнені қыюп алады. Оны табиғи және жасанды материалдармен безендіруге немесе фломастермен бояуға болады.

Содан кейін барлық бөлшектерді қағазға орналастырындар. Егер композиция жақсы шықса, оларды ұқыптап желімдендер.

## ҚАҒАЗДАН МЫНАДАЙ БӨЛШЕКТЕРДІ КИЮҒА БОЛАДЫ



Қайшымен жұмыс істегендеге қауіпсіздік ережесін есіңген шығарма!



Интернеттен немесе кітаптардан әр ал-  
уан елдердің көрікті орындары туралы  
мәліметтерді ізде. Суреттеріне зейін  
қойып қара. Ол саған композиция  
жасауға қажет болады.

## ТАНЫСТЫРУ, ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ



1. Жасаған жұмыстарың туралы әңгімелендер.
2. Нениң суретін салдыңдар? Таңдауларыңды түсіндіріңдер.
3. Композициясы туралы айтып беріңдер. Қандай пішім мен өлшемді қағаз парагын, қандай түсті таңдадыңдар? Қандай материалдарды пайдаландыңдар?
4. Пішіндердің қандай түрін қолдандыңдар?
5. Жұмыстарың арқылы не айтқыларың келді?
6. Бірігіп жұмыс істеген үнады ма?
7. Ұжыммен жұмыс істеуден қандай қорытынды шығардыңдар?

## БІЛІМ МЕН БІЛІК ҚОРЖЫНЫ

1. Пішім дегеніміз не?
2. Қағаз пішімі қандай болады?
3. Алма, пойыз, әуе шарын қандай пішімге орналастырған дұрыс?
4. Қағаз парағын дұрыс таңдаудың маңызы неде?

?!  
?

1. Көрікті орындар дегеніміз не?
2. Қандай көрікті орындарды білесің?
3. Табиғи материалдармен жұмыс істеу үнады ма?
4. Ұжыммен жұмыс істеу барысында не үйрениң?

ПІШІМ  
ШАРШЫ  
ТІК  
КӨЛДЕНЕҢ  
КӨРІКТІ ОРЫНДАР КОЛЛАЖ



**САЛТ-ДӘСТҮР ЖӘНЕ  
АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ**

**Сен бұл бөлімнен:**

- салт-дәстүр дегеніміз не екенін;



- Наурыз мерекесі туралы;



- халқымыздың ауыз әдебиеті туралы

**білесің**



- ою-өрнек салуды;
- мерекелік ашық хат жасауды;
- оригами жасауды;



- жаңа термин сөзді қазақ, орыс және ағылшын тілінде дұрыс айтуды

ОЮ-ӨРНЕК  
УЗОР  
PATTERN

## үйренесің



- қолөнер шеберлерінің туындыларын;
- құрдастарың жасаған ашық хаттарды



## көресің





## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРІ МЕН АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ

**Салт-дәстүр** – әр үлттың әдет-ғұрпы, үлттық киімі, мейрамы, ән-күйі, биі және т.б.

Халқымыз салт-дәстүрге бай. Мысалы, атаананы, үлкенді құрметтеу, той-думан, ойын-сауық және т.б.

Халқымыздың сүйікті мерекесі – Наурыз. Ол – шығыс елінің үлттық мейрамы, яғни Ұлыстың ұлы күні. Наурыз – бірліктің, татулықтың, көктемнің мерекесі.



Наурызда күн мен түн теңеледі. Бұл күні адамдар ең әдемі киімдерін киеді. Мол дастарқан жайылып, наурызкөже пісіріледі.

Наурыз күні ән шырқалып, жақсы тілек айтылады.

Мысалы:

**Ұлыс оң болсын,  
Ақ мол болсын!**

**Төрт тұлік ақты болсын,  
Өрісің малға,  
Үйің жанға толсын!**

Қазақ халқында ертегілер мен ақыздар көп. Алдаркөсө – ауыз әдебиетіндегі ең сүйікті кейіпкерлердің бірі. Алдаркөсө ақылы мен асқан айлакерлігі арқылы мұратына жетеді. Ол әлсіз бен кедейді қорғап, сараң мен жалқауды әжуалайды.



*H. Нагибина.  
«Алдаркөсө» ертегісіне  
иллюстрация*



Интернеттен Наурыз мерекесінде айтылатын бата-тілектерді тауып оқы.



Қазақтың қандай халық ертегілері мен ақыздарын білесін? Оларды ата.



## ҚОЛӨНЕР БҮЙЫМДАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ОЮ-ӘРНЕКТЕР

Халқымыздың киізден жасалған төсөніштері, кілемдері үйімізге жылыштық береді. Сонымен қатар үйдің сәнін келтіреді. Кілемдегі әрбір өрнектің атауы мен мәні бар.

Қазақ халқы тұрғын үйін, кілем, киім-кешек, ыдыс-аяқтарын әрдайым ою-әрнектермен әшекейлеген.



Текемет



Аяққап

ОЮ-ӘРНЕК  
УЗОР  
PATTERN



Үйінде қазақ қолөнері бүйымдары бар ма? Олар туралы не білесің? Айтып бер.

Ою-өрнектер өте әдемі. Олар табиғатпен, жануарлар және өсімдік әлемімен тығыз байланысты. Ою-өрнектердің ішінде «қошқармұйіз» оюы кең таралған. Бұл өрнек түрін қазақ шеберлерінің қолынан шыққан бұйымдардан жиі кездестіруге болады.



1. Бұл ою неліктен «қошқармұйіз» деп аталады?
2. Сен кілем, төсөніштерді көрдің бе?
3. Тағы қандай ою-өрнектерді білесің?



№2 жұмыс дәптеріндегі (14–17-беттер) тапсырмаларды таңдауың бойынша орында.



## НАУРЫЗГА АРНАЛҒАН МЕРЕКЕЛІК АШЫҚ ХАТ ЖАСАЙМЫЗ

Мерекеге арналған ашық хат жаса.





### 1-нұсқа

«Наурыз» ашық хатына керекті қағаз өлшемі мен пішімін таңда. Түсті фломастерлер немесе қарындаштармен сурет сал. Одан кейін қатты қағаз парағын екіге бүктеп, оның бір жағына суретінді желімде. Ашық хатты ою-өрнектермен әшекейле. Құттықтау сезінді жаз.

## 2-нұсқа

«Қызығалдақ» ашық хатын оригами тәсілімен жасаймыз. Оригами – қағазды бүктеу арқылы түрлі фигуралар жасау. Ол Жапонияда пайдаланылған.



Шаршы қағазды үшбұрыштап бүкте. Одан соң үшбұрыштың ортасын белгілеп қой. Алдымен үшбұрыштың бір бұрышын, одан кейін екіншісін жоғары қарай қайыр. Жасыл түсті қағаз парағын үшбұрыштап бүкте. Одан жапырағы мен сабағын жаса. Гүлді түсті қағаз парағына немесе қатырма қағазға желімде.

Гүлдің айналасына «қошқармұйіз» оюын жапсыр. Оны түсті қағаздан алдын ала қып ал. Дайын өрнек таспаларын да пайдалануға болады. Ұнаған нұсқаны таңда.



№2 жұмыс дәптеріндегі (18–19-беттер) тапсырмаларды орында.



## ТАНЫСТЫРУ, ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ



1. Қазақ халқының салт-дәстүрлөрі туралы айтып бер.
2. Халқымыздың ең басты ұлттық мерекесі қалай аталады?
3. Ол елімізде қашан және қалай аталып өтеді?

1. Ашық хатты қалай жасадын?
2. Ол үшін қандай сюжет таңдалған алдын?
3. Ашық хат жасау барысында не нәрсеге баса назар аудардын?
4. Оны қалай әшекейледін?
5. Ашық хатты кімге сыйлағын келеді?

## БІЛІМ МЕН БІЛІК ҚОРЖЫНЫ

1. Салт-дәстүр дегеніміз не?
2. Олар қалай сақталады?
3. Қандай салт-дәстүрлерді білесің?



1. Қазақ халқының тұрмыстық заттары қалай әшекейленген?
2. Негізгі ою-өрнегі қалай аталады?
3. Оригами дегеніміз не? Сен оны қалай жасадың?
4. Бұл тақырыптан не үйрендің?

**САЛТ-ДӘСТҮР  
КИІЗ ҮЙ  
«ҚОШҚАРМУЙІЗ» ОЮЫ  
ОРИГАМИ**





## ТАҒАМ ЖӘНЕ СУСЫН

**Сен бұл бөлімнен:**

- қандай тағамдар пайдалы, қайсысы зиянды екенін;



- натюрморт дегеніміз не;
- натура деген не;



- көлемді бейне дегеніміз не екенін

**білесің**



- денсаулыққа пайдалы және зиянды тағамдарды ажыратуды;
- көлемді бейнелер жасауды;
- түрлі тәсілдермен натюрморт жасауды

### үйренесің



- суретшілердің натюрморттарын;



- Құрдастарың салған натюрморттарды

### көресің





## ТАҒАМ МЕН СУСЫННЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Сен сергек әрі денің сау болу үшін дұрыс тاماқтануың керек. Денсаулыққа зияны жоқ тағамдарды пайдалануың тиіс.






1. Фотоиллюстрацияны қарап шық. Жемістер мен көгөністерді ата.
2. Тағы қандай пайдалы тағамдарды білесің?
3. Өзің жақсы көретін пайдалы тағамдарды ата.
4. Өзің жақсы көретін, алайда оның ағзаңа зиян екенін білетін тағамдар бар ма?
5. Ондай тағамдарды сирек пайдалану керек деп есептейсің бе?



Тағамдарға суретшінің көзімен қара:

- қызыл, сары, қызылт сары және күлгін тұсті жемістерді ата;
- жасыл, қызыл және қызылт сары тұсті көгөністерді ата;
- дөңгелек, үшбұрыш және сопақша пішіндеріне жақын жеміс-жидектер мен көгөністерді ата.



№2 жұмыс дәптеріндегі (20–21-беттер) тапсырмаларды орында.



**СУРЕТШІЛЕР  
ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ  
ТАҒАМ ТҮРЛЕРІ**

Қазақ халқы өте қонақжай. Кез келген жолаушыны төріне отырғызып, бар дәмдісін алдына қояды.



*Г. Ысмайловая. Қымыз*

Тағам тек дәмді әрі пайдалы ғана емес, сондай-ақ әдемі. Сондықтан да суретшілердің назарын аудартады. Суретшілер тағамдарды жиі бейнелейді. Алайда идеялары әртүрлі.



3. Серебрякова. Таңғы ас



1. Екі туындыны салыстыр.
2. Суретшілер не айтқысы келген?
3. Суретшілер ойын жеткізу үшін қандай әсерлегіш құралдарды пайдаланған?



## ЖЕМІСТЕР МЕН КӨГӨНІСТЕРДІҢ ПІШІНІН ЗЕРТТЕЙМІЗ



Мына жемістер мен көгөністерге назар аудар. Олардың түсі мен пішіні қандай? Үйде немесе дүкенде басқа да жемістер мен көгөністерге қара. Олардың түсі мен пішінін анықта. Есте сақтап, бейнелеуге тырыс.

Жемістер мен көгөністерге жан-жағынан қарауға болатынына назар аудардың ба? Жан-жағынан қарауға болатын және үлкенірек заттарды **көлемді бейнелер** деп атайды.

## ЖЕМІСТЕР МЕН КӨГӨНІСТЕРДІ МУСІНДЕЙМІЗ

Суреттегі жемістер мен көгөністерді тек бір жағынан көруге болады. Ал ермексаздан мұсіндеген бейнелерді жан-жағынан қарай аласың. Егер сен алманы мұсіндеңесен, демек **көлемді бейне** жасадың.



Қолдан сомдалған мұсіндерді жан-жағынан көруге бола ма? Ал суретті ше?



Түрлі түсті ермексаздан бірнеше көгөніс пен жемісті мұсінде.

Мұғалімің және достарыңмен бірге көгөніс пен жемістерден тұратын ұжымдық себет жаса.



## НАТЮРМОРТ

Адамды әртүрлі заттар қоршап тұр. Алайда сол заттардың әсемдігін байқамайды. Ал суретші олардың сұлулығын өзі ғана байқап қоймайды. Басқалардың да назарын аударады. Сұлулығына тамсануға мүмкіндік береді. Суретші қозғалмайтын, жансыз денелерді бейнелейді. Ондай туындылар **натюрморт** деп аталады.



Ш. Ногайбаев. Алмұрттар

Суретшілер ертеден натюрморт салғанды ұнатады. Олар жемістер мен көгөністерді, ыдыстарды бейнелейді. Суретшілер шынайы заттарға – **натураға** қарап салады.



Итальяндық суретші Джованна Гарцонидің картиналарын көріп түрсың. Олар кеше ғана бейнеленген сияқты. Ал шынында 300 жылдан аса уақыт өткен.



1. Суретшілер неліктен натюрморт салғанды ұнатады?
2. Натюрмортта не бейнелеуге болады?
3. Суретшілер натюрморттарында қандай әсерлегіш құралдарды пайдаланады?



№2 жұмыс дәптеріндегі (22–23-беттер) тапсырмаларды орында.



## ЖЕМІСТЕР МЕН КӨГӨНІСТЕРДЕН НАТЮРМОРТ ЖАСАЙМЫЗ




М. Сарьян. Жемістер мен көгөністер



П. Сезанн. Құмыра мен жемістер

Натюрмортты түсті фломастерлермен немесе түсті балауыз борлармен салады. Аппликация жасауға да болады. Бояу және фломастерлермен салынған натюрморт та әдемі көрінеді.



Натюрморт жасау үшін қандай жеміс,  
көгөністерді пайдаланасың?

Қандай ыдыстар керек?

Ол үшін қажет өлшем мен пішімді қағаз да-  
йында.

Заттардың барлығын қағаз бетіне орналастыр.  
Жұмысыңың түс үйлесімі туралы ойлан.



№2 жұмыс дәптеріндегі (24–25-беттер) тапсыр-  
маларды орында.



## ТАНЫСТЫРУ, ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Көне грек суретшісі  
Зевксис туралы аңыз бар.  
Ол бір шоқ жүзімді шебер  
бейнелегені сондай, құстар  
ұшып келіп суреттегі жүзімді  
шоқып жемекші болған.



Сеніңше натюрмортта басты нәрсе не?



1. Натюрморттыңның композициялық шешімін түсіндір.
2. Неліктен дәл сол заттарды таңдадың?
4. Жұмысынды қандай тәсілмен орындаудың?
5. Қандай түстерді пайдаландың?
6. Тағы қандай әсерлегіш құралдарды қолдандың?
7. Жұмысың арқылы не айтқың келді?

## БІЛІМ МЕН БІЛІК ҚОРЖЫНЫ

1. Тағам туралы не білесің?
2. Адам ағзасына қандай тағам пайдалы?
3. Картиналардағы (106–107-беттер) пайдалы тағамдарды атап шық.


?!  
?

1. Көлемді бейнелер туралы не айта аласың?
2. Натюрморт дегеніміз не?
3. Суретшілер натюрмортта нені бейнелейді?
4. Натюрмортпен жұмыс істеу барысында не үйрениндің?

**НАТЮРМОРТ**

**НАТУРА**

**КӨЛЕМДІ БЕЙНЕ**




## ДЕНІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ

**Сен бұл бөлімнен:**

- денің сау болу үшін не істеу керегін;



- спорттың не үшін керек екенін;
- спорт түрлерін;



- қозғалыстағы адам фигурасының ерекшеліктерін



**білесің**

- қозғалыстағы адамды бейнелеуді;



- «Менің сүйікті спортым» тақырыбына композиция жасауды



### үйренесің



- суретшілердің спорт тақырыбына арналған түшіндиларын;



- құрдастарыңың спорт тақырыбына салған суреттерін



### көресің



## ДЕНЕШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ

Денсаулығың мықты болуы үшін таңертең жаттығу жасап, шынығып, спортпен шұғылдануың қажет.



1. Сен таңертең жаттығу жасайсың ба?
2. Таңертең тағы не істейсің?
3. Өзіңнің күн тәртібің туралы айтып бер.
4. Оның ішінде спортқа орын бар ма?




А. Дейнека. Еркіндік



1. А. Дейнеканың картинасын суретте.
2. Суретші қандай көңіл күйді берген?
3. Сен қалай демаласың?
4. Жазда қайда суға шомылып, күнге қыздырынасың?
5. Қандай спорт түрлерін білесің?



№2 жұмыс дәптеріндегі (26–27-беттер) тапсырмаларды орында.



## СУРЕТШІЛЕР ТҮҮНДҮЛАРЫНДАФЫ СПОРТ ТАҚЫРЫБЫ

Спортпен шүғылданған адамның денесі шымыр болады.



Д. Жилинский.  
КСРО-ның гимнастшылары



А. Дейнека. Футбол




Спортшылар үнемі қозғалыста болады.  
Спортшылардың сыртынан бақыла.  
Дискі лақтыруши, биікке, ұзындыққа  
секіруші, штангашы, балуан, шаңғы тебуші  
қандай қимылдар жасайтынын көрсет.

Ә. Қастеев.  
Мұз  
айдынында



1. Картиналардан қандай спорт түрлерін көріп тұрсың?
2. Олардың қайсысында белсенді қозғалыстағы адамдар бейнеленген?
3. Қайсысы саған қызығырақ көрінді? Неліктен?
4. Өзің қандай спорт түрімен шұғылданасың? Отбасында тағы кім спортпен шұғылданады?



## ҚОЗҒАЛЫСТАҒЫ АДАМНЫҢ ДЕНЕ БІТІМІ

Сен де күніне алуан түрлі қимылдар жасайсың.  
Оларды санап шық. Көрсетуіңе де болады.



1. Мына фигуналарға зер салып қара. Қол, аяқ, дененің қай жері бүгілетінін анықта.
2. Өзің де қол-аяғыңды бүгіп, қозғалт.
3. Досың да дәл солай жасасын. Сен сыртынан бақыла.



Қолыңа қарындашты ұста. Қолыңың шынтақ тұсы мен білезігінді бүкпей, саусағыңды қозғалтпай сурет салып көр. Тізенді бүкпей бірнеше қадам жаса. Қандай қорытынды жасайсың?



Адамның фигурасын әртүрлі геометриялық пішіндер деп елестет.

Оларды түсті қағаздан қыып ал. Олардан адамның бейнесін құрастыр.

Қағазға желімдеместен бұрын денесін, қолаяғын қозғалтып, фигураға түрлі қимыл бер.

Ең әсерлі фигураны таңдап ал. Оны қағазға желімде.



№2 жұмыс дәптеріндегі (28–29-беттер) тапсырмаларды орында.



## «МЕНИ СҮЙІКТІ СПОРТЫМ» КОМПОЗИЦИЯСЫН ЖАСАЙМЫЗ

Жыл бойы үйренгенің мен білгенінді есіне түсір.  
Бұл жұмысты орындау үшін меңгергендеріңін  
бәрін пайдалана аласың.

1. Жұмысың арқылы қандай ой қозғағың келеді?
2. Қандай материалдарды қолданасың?
3. Қауіпсіздік ережесін ұмытпа.



1. Керекті өлшем мен пішімді қағаз парағын таңда.
2. Әсерлі сзықтар мен пішіндерді пайдалан.
3. Сәйкес түстер үйлесімін таңдап ал.
4. Қозғалыстағы адамның қимылын бақыла.
5. Қызықты композиция ойлап тауып, қозғалыстағы адамды бейнеле.



№2 жұмыс дәптеріндегі (30–31-беттер) тапсырмаларды орында.



## ТАНЫСТЫРУ, ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

**«Жылдамырақ, Жоғарырақ,  
Қаттырақ».**

Бұл – олимпиада ойындарының ұраны.

Сен оны қалай түсінесің? Бұл сөздер сенің спортта ғана емес, өмірде де ұраныңа айнала ала ма?



Интернеттен олимпиада символы туралы мәліметті тауып оқы. Олимпиада туындағы шеңберлер мен оның түсі нені білдіретінін ойлан. Олимпиада алаудың жағу дәстүрі қалай пайда болды?

1. Жасаған жұмысың туралы айтып бер.
2. Оны қандай тәсілмен орындағың?
3. Жыл бойы алған білімің қызықты жұмыс орындауға көмектесті ме?
4. Спорттың пайдасы қандай?
5. Қандай әйгілі спортшыларды білесің?
6. Қандай спорт түрімен шұғылданасың немесе шұғылданғың келеді?

## БІЛІМ МЕН БІЛІК ҚОРЖЫНЫ

1. Биыл көркем еңбек сабағында не білдің?
2. Портрет дегеніміз не? Пейзаж дегеніміз не? Натюрморт дегеніміз не?
3. Нені бейнелегенді ұнатастың?

?!  
?



1. Көркем еңбек сабағында не үйрендің?
2. Қандай бүйымдар жасадың?
3. Қай жұмысың өте жақсы шықты?
4. Жыл бойы үйренген үш термин сөзді үш тілде айт.

## ТЕРМИНДЕР СӨЗДІГІ

**АВТОПОРТРЕТ** – суретшінің өзін бейнелеген туындысы.



**АКВАРЕЛЬ БОЯУЛАРЫ** – суда еритін, мөлдір бояулар.

**АППЛИКАЦИЯ** – қағаз бетіне белгілі бір материалдардан қыып алынған бейнені (пішіндерді) жапсыру.



**ГУАШЬ** – суда еритін, қоймалжың бояулар және осы бояулармен орындалған туындылар.

**ЖЫЛЫ ТҮСТЕР** – қызыл, қызылт сары, сары түстер. Бұл түстер жылуды еске салады.



**КОЛЛАЖ** – қағаз бетіне түсі мен фактурасы өзгеше материалдарды (газет, журнал қыындысы, табиғи материалдар, т.б.) жабыстыру.



**КОМПОЗИЦИЯ** – суретті қағаз бетіне ойлаған тақырыпқа сай әсерлі етіп орналастыру. Әдетте тұтас туындыны «композиция» деп атайды.

**КӨЛЕМДІ БЕЙНЕ** – жан-жағынан қарауға болатын бейне.

**ҚҰРАМА ТҮСТЕР** – қызылт сары, жасыл, күлгін және басқалар. Бұл түстер негізгі түстерді араластыру арқылы алғынады.

**ҚҰРАМАҚ** – қолдан құрастырылып жасалған бұйым.

**НАТУРА** – суретші қарап отырып салатын шынайы заттар.

**НАТЮРМОРТ** – қозғалмайтын, жансыз заттарды бейнелеу.



**НЕГІЗГІ ТҮСТЕР** – қызыл, сары, көк түстер. Осы түстерді араластыру арқылы құрама түстер алғынады.

**ОРИГАМИ** – қағазды бүктеу арқылы фигура-лар жасау өнері.

**ОТБАСЫЛЫҚ ПОРТРЕТ** – отбасы мүшелері бейнеленетін портрет түрі.



**ӨЛШЕМ** – қағаз парағының, қатырма қағаздың көлемі. Ол үлкен не кіші болады.

**ПАЛИТРА** – бояу араластыратын тақтайша.



**ПЕЙЗАЖ** – табиғат көрінісін бейнелеу өнері.



**ПОРТРЕТ** – адамдарды бейнелеу өнері.



**ПІШІМ** – сурет салынатын парақ өлшемі.

**ПІШІН** – суретшілердің басты әсерлегіш құралдарының бірі. Заттың сыртқы кескіні.



**СУЫҚ ТҮСТЕР** – көк, көгілдір түстер. Бұл түстер суықты еске салады.



**СҰЛБА** – суреттің жалпы нобайы.

**СЫЗЫҚ** – суретшінің басты әсерлегіш құралдарының бірі.



**ТОПТЫҚ ПОРТРЕТ** – екі немесе одан да көп адам бейнеленген портрет.

**ТҮС** – суретшінің басты әсерлегіш құралдарының бірі. Суретші бояуларды араластыру арқылы алуан түрлі түстерді алады.

## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз..... 3

### I тоқсан. ӨЗІМ ТУРАЛЫ

<b>1-сабак.</b>	Көркем еңбек сабағына қажетті материалдар мен құралдар .....	4
	Кішкентай шеберлердің үлкен құпиялары ...	6
	СЕҢІҢ АЙНАЛАНДАҒЫ ӘСЕМДІК.....	10
	Суретшінің әсерлегіш құралдары.....	12
<b>2-сабак.</b>	АДАМНЫҢ БЕТ ӘЛПЕТІ .....	14
	Сен өзге адамдармен бірдейсің.....	14
	Сен ерекшесің. Өзгелерге ұқсамайсың .....	15
<b>3-сабак.</b>	НҰКТЕ, СЫЗЫҚ ЖӘНЕ ПІШІН .....	16
	Адамдардың бет әлпеті .....	18
	Тұс және адам.....	19
<b>4–5- сабақтар.</b>	ПОРТРЕТ .....	20
	Суретші мен оның автопортреті .....	21
	БЕДЕРЛІ СУРЕТ .....	22
	Таныстыру, талдау және бағалау .....	24
	Білім мен білік қоржыны.....	25

### МЕНИҢ МЕКТЕБІМ

<b>6-сабак.</b>	СЫЗЫҚТАР, ӘРІПТЕР ЖӘНЕ САНДАР .....	28
	Алуан түрлі пішіндер .....	30
	КІТАПҚА БЕТБЕЛГІ ЖАСАЙМЫЗ .....	32
<b>7–8- сабақтар.</b>	ТАБИГИ МАТЕРИАЛДАРДЫ ЖИНАЙМЫЗ ...	34
	АППЛИКАЦИЯ.....	36
	«Менің мектебім» аппликациясын жасаймыз.....	37
	Таныстыру, талдау және бағалау .....	40
	Білім мен білік қоржыны.....	41

### II тоқсан. МЕНИҢ ОТБАСЫМ ЖӘНЕ ДОСТАРЫМ

<b>9-сабак.</b>	ОТБАСЫҢ МЕН ДОСТАРЫҢ .....	44
	Суретшілер туындыларында отбасының бейнеленуі.....	46

<b>10-сабак.</b>	КОМПОЗИЦИЯ.....	48
	Бейненің өлшеммен қатынасы .....	48
<b>11–12- сабактар.</b>	«МЕНИҢ ОТБАСЫМ» КОМПОЗИЦИЯСЫН ЖАСАЙМЫЗ .....	50
	ОТБАСЫЛЫҚ ПОРТРЕТКЕ ЖАҚТАУ ЖАСАЙМЫЗ .....	51
	Білім мен білік қоржыны.....	53
<b>БІЗДІ ҚОРШАҒАН ӘЛЕМ</b>		
<b>13-сабак.</b>	СЕНІҢ АЙНАЛАНДАФЫ ТҮСТЕР .....	56
	Негізгі және құрама түстер .....	58
<b>14-сабак.</b>	ЖЫЛЫ ЖӘНЕ СУЫҚ ТҮСТЕР .....	60
	Түс және жыл мезгілдері.....	62
<b>15–16- сабактар.</b>	ПЕЙЗАЖ .....	64
	Суретшілер туындыларындағы пейзаж.....	66
	Пейзаж салу жолдары .....	68
	БЕДЕРЛІ ПАННО ЖАСАЙМЫЗ .....	69
	Таныстыру, талдау және бағалау .....	70
	Білім мен білік қоржыны.....	71
<b>III тоқсан. САЯХАТ</b>		
<b>17-сабак.</b>	САЯХАТ – БІЛІМГЕ БАСТАР ЖОЛ .....	74
	Көрікті орындар .....	75
	КОМПОЗИЦИЯДАФЫ ПІШІМ .....	76
	Бейненің пішіммен байланысы .....	77
<b>18–19- сабактар.</b>	ТАБИГИ МАТЕРИАЛДАРДАН БЕЙНЕ ЖАСАЙМЫЗ .....	78
	Саяхатқа аттанамыз! .....	80
<b>20–21- сабактар.</b>	КОЛЛАЖ. Ұжымдық композиция жасаймыз .....	82
	Таныстыру, талдау және бағалау .....	84
	Білім мен білік қоржыны.....	85

**САЛТ-ДӘСТҮР ЖӘНЕ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ**

<b>22-сабак.</b>	ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРІ МЕН АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ.....	88
<b>23-сабак.</b>	ҚОЛӨНЕР БҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ОЮ-ӨРНЕКТЕР .....	90
<b>24–25- сабақтар.</b>	НАУРЫЗҒА АРНАЛҒАН МЕРЕКЕЛІК АШЫҚ ХАТ ЖАСАЙМЫЗ .....	92
	Таныстыру, талдау және бағалау .....	94
	Білім мен білік қоржыны.....	95
<b>IV тоқсан. ТАҒАМ ЖӘНЕ СУСЫН</b>		
<b>26-сабак.</b>	ТАҒАМ МЕН СУСЫННЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ ..	98
	Суретшілер туындыларындағы тағам түрлері .....	100
<b>27-сабак.</b>	ЖЕМІСТЕР МЕН КӨГӨНІСТЕРДІН ПІШІНІН ЗЕРТТЕЙМІЗ .....	102
	Жемістер мен көгөністерді мұсіндейміз....	103
<b>28–29- сабақтар.</b>	НАТЮРМОРТ .....	104
	ЖЕМІСТЕР МЕН КӨГӨНІСТЕРДЕН НАТЮРМОРТ ЖАСАЙМЫЗ.....	106
	Таныстыру, талдау және бағалау .....	108
	Білім мен білік қоржыны.....	109
<b>ДЕҢІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ</b>		
<b>30-сабак.</b>	ДЕНЕШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ .....	112
	Суретшілер туындыларындағы спорт тақырыбы .....	114
	Козғалыстағы адамның дене бітімі .....	116
<b>31–32- сабақтар.</b>	«МЕНИҢ СҮЙІКТІ СПОРТЫМ» КОМПОЗИЦИЯСЫН ЖАСАЙМЫЗ .....	118
<b>33-сабак.</b>	Таныстыру, талдау және бағалау .....	120
	Білім мен білік қоржыны.....	121
<b>ТЕРМИНДЕР СӨЗДІГІ .....</b>		122
		127

Оқулықта мемлекеттік емес «ПАРУС» бейнелеу өнері студиясы (Тараз қ.) мен «УЧЁНАЯ СОВА» білім беру орталығы бейнелеу өнері студиясы (Тараз қ.) оқушыларының кейбір еңбектері пайдаланылды.

Оқу басылымы

**Раупова Надежда Алимовна**

**КӨРКЕМ ЕҢБЕК**

Жалпы білім беретін мектептің 1-сыныбына арналған оқулық

Редакторы *Н. Бекхожаева*

Суретшісі *Н. Раупова*

Фотоиллюстрациялар *Н. Раупова, Р. Султангузин, Д. Развинавичюс*

Көркемдеуші редакторы *М. Нұрбеков*

Техникалық редакторы *Ү. Рысалиева*

Корректорлары *Ә. Кенжалина, Ү. Бахова*

Компьютерде беттеген *Ә. Омарова*

ИБ № 127

Терүге 21.04.2016 берілді. Басуға 23.06.2016 қол қойылды. Пішімі 84x108<sup>1/16</sup>.

Офсеттік қағаз. Мектептік әріп. Офсеттік басылым. Шартты баспа табагы 13,44.

Есептік баспа табагы 9,93. Таралымы 252 000 дана. Тапсырыс № 1597.

«Атамұра» корпорациясы ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан дарнғылы, 75.

Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы ЖШС-нін Полиграфкомбинаты, 050002, Алматы қаласы, М. Макатаев көшесі, 41.